


Әлихан Бөкейханов



Шарипов Алжан

1866-1937




*Көрнекті қоғам және мемлекет
қайраткері, ұлт-азаттық және
Алаш қозғалысының жетекшісі,
Алашорда автономиялы
үкіметінің төрағасы,
публицист, ғалым, аудармашы.*





Төре тұқымы

*Әлихан-Нұрмұхамед-Мырзатай-Батыр-Бөкей Хан-
Барақ Сұлтан*



Алаш қайраткерлері

Ә.Бөкейхановтың қоғамдық-саяси әрекеттері

Алғышарттары

- Оқуын бітіріп, Омбыға келеді. Сол жердегі "Народная свобода" атты партияға кіріп, өзі қазақ зиялыларының басын қоса бастайды.
- 1905 ж. бастап Ресей конституциялық-демократиялық партиясының мүшесі. Орыс өкіметінің езгісіне қарсы 14 мың адам қол қойған Қарқаралы петициясының авторы.
- 1905 ж. Семей облысы қазақтары атына Мемлекеттік Думаға сайланды

Абақтыдағы өмірі

- Мемлекеттік Думаға депутат бола сала,оны себепсіз 3 айға Павлодар абақтысына қамады.
- Абақтыдан шыққан соң, Финдляндиға жүріп кетіп, Выборг үндеуіне қол қояды. Сол үшін Ресей өкіметі тағы да 3 айға Семей түрмесіне қамайды.
- Семей түрмесінен кейін, Самарға 1916жылға дейін жер аударылды.



*Выборг үндеуі— Бірінші
Мемлекеттік Думаның
таратылуын заңсыз деп
таныған депутаттардың
1906 ж. 9 – 10 шілдеде
халыққа жолдаған үндеуі.*

*Олардың арасында Ә.
Бөкейханов, С.Жантөрин
болды.*



- . 1906 жылы Омбыдан шығатын кадеттік «Голос степи», «Омичъ» және «Иртышъ» газеттерінде; 1908 жылы Санкт-Петербуркте жарық көрген меньшевиктік «Товарищъ», кадеттік «Речь», «Слово» газеттерінде редакторлық қызмет атқарды.
- . 1909-17 жж. «Дон егіншілік банкі» бөлімшесінде жұмыс істеді.
- . 1911-14 «Қазақ» газетін ұйымдастыруда және оның жалпы ұлттық деңгейге көтерілуіне зор еңбек сіңірді.



Maitre d'école et élèves Kizhis es



. 20 ғасырдың басында қазақ даласында екі ағымның болғаны белгілі. Бірі Бұқар мен Түркістан өлкесіне бет бұрған дәстүршіл, панисламшыл ағым, екіншісі негізінен Батыс өркениетін үлгі тұтқан жаңашыл, пантүркішіл ағым. Осы екінші ағымның басында Әлихан бастаған орыс мектептерінен тәлім-тәрбие алған озық ойлы қазақ зиялылары тұрады. Бұл топ саяси ұстамдылық танытып, Ресей империясына қарсы ашық күреске шығудың әлі ерте екенін анық түсінеді. Сондықтан олар, ең алдымен, халықтың сана сезімін оятатын жағдай жасау керек деп білді.

- Ол Ақпан төңкерісінен үлкен үміт күтеді. Бірақ ол үміті ақталмайды. Уақытша үкімет, оның ішінде өзі мүшесі болып жүрген кадет партиясының көсемдері қазаққа автономия беруге қарсы болады. Оның үстіне олармен жер мәселесі жөнінде де ымыраға келе алмайды да, ол бұл партиядан шығып, қазақтан сайланған тоғыз өкілді бастап барып, Томск қаласында Сібір автономистерінің құрылтайына қатысады. Осында болашақ Сібір республикасының құрамында Қазақ автономиясы құрылмақ болады.

- Құрылтайдан оралысымен Әлихан қазақ тарихындағы тұңғыш саяси ұйым Алаш партиясын ұйымдастыруға кіріседі. Артынша, 1917 ж. желтоқсанында бүкіл қазақтардың құрылтайында Алаш аутономиясы жарияланып, Ә. Бөкейхан сол алғашқы Қазақ республикасының тұңғыш төрағасы (президенті) болып сайланады.
- 1919 жылы большевиктер өкіметінің бұрынғы алашордашыларға жасаған кешірімнен кейін Ә. Бөкейхан қалған өмірін ғылыми зерттеушілікке арнады.

- Бірақ, ұлттық намыстан жұрдай, жалған интернационалист, жадағай белсенділердің көрсетуімен ол 1926 жылы екі рет тұтқындалып, түрме азабын тартты. Әлихан Бөкейхан Мәскеуге жер аударылады, зор беделінен қорыққан большевиктер өкіметі оны Қазақстанға жолатпады. Онда он жыл үй қамауында отырған Әлиханды 1937 жылы тамызында қайыра тұтқындап, бір айдан кейін жалған жаламен 71 жасында Мәскеуде ату жазасына кеседі.





- . Бүкіл мағыналы өмірін халқының азаттық алып, еркін ел болуына арнаған аяулы азаматтың соңғы демі біткенше сол мақсат жолында жасаған қызметі сан қилы. Ол Ресей жергілікті және қалалық қоғам қайраткерлері съезінің делегаты, Ресейдің I Мемлекеттік думасының және мұсылман халықтары съезінің депутаты, IV Мемлекеттік Думаның мұсылмандар фракциясының Бюро мүшесі болды.

- . Әлекеңнің данышпандығы сол - саяси қайраткер өзінің маңына топтасқан адамдар үшін жауап береді. Әлекең Алаш идеясының жолында құрбан болған, жапа шеккен азаматтардың бәріне де шамасы келгенше көмектескен.
- . 1909-ншы жылы Петербордан Абайдың тұңғыш кітабын шығарған Бөкейханов болатын және «Қазақ» газетін шығару идеясы да Әлекеңдікі. Әрине, Ахмет Байтұрсыновтың еңбегі орасан зор.

. Бөкейханов ешуақытта ұлттық идеядан табан аударып, кеткен емес. Бір ғана мысал келтірейін. 1932-нші жылы екінші толқын Алаш зиялыларының үстінен сот болған. Сол тұста сот Алматыдағы Голощекинге телеграмма салады: «Біз мыналарды «Бутыркада» ұстап отырмыз. Бұларға қоятын айып жоқ. Қайтарамыз», дегенде Голощекин: «Ешуақытта қайтаруға болмайды. Егер сендер Алаштықтарды «Бутыркадан» босатып жіберсеңдер, қазақтың алдында қарабет боламыз», дейді. Сөйтіп, оларды соттап, Воронежге бес жылға жер аударған

. Бізде көп жағдайда қазақты момақан халық деп қабылдайды. Ал, шын мәнінде, ХХ-ншы ғасырды алсақ, патшалық және советтік билік кезеңінде қазақ халқы оның саяси басқарушы һәм шығармашылық тобы, элитасы ылғи тотаритарлық жүйеге қарсы шығып отырған. Бірде ашық, бірде жабық бірақ үзіліссіз қарсылық танытқан. Соның ішіне интеллектуалдық қарсылық бізде өте күшті болған. 1917-нші жылдан бастап, 1991нші жылы Тәуелсіздік алғанға дейін өктем жүйеге интеллектуалды қарсылық бір сәтке де тоқтамаған. Оны басқарушы саяси элита көрсетіп отырған. Ал, ол әлсіреген уақытта күрестің жолын халықтың өзі нұсқап, қарулы көтерілістер жасаған. Өкінішке қарай, халықтың осындай қарсылығы біздің тарихымызда көрсетілмей келе жатыр.

- . Кеңестік жүйенің қазаққа жасаған бір үлкен қиянаты - қазақ қоғамында бар әулеттерді талқандады. Әулеттер - ұлттық өмірінде жағымды рөл атқарады. Ол - іргетас іспеттес. Кеңестік билік бір ғана Әлекең емес, Алаш зиялыларының бәрінің ұрпағына зиян жасады.
- . Бөкейханов пен Шоқайды бір-біріне қарсы қою бар. Ол дұрыс емес. Шоқайдың Бөкейхановқа қандай құрметпен қарағандығына оның батыста жүріп шығарған шығармаларын оқыған адам көз жеткізе алады.

- Әлихан Бөкейханов кім? Егер Латын Америкасы үшін Симон Боливар қандай болса, Әлихан Бөкейханов қазақ үшін сондай тұлға. Егер Ататүрік қандай болса, Әлихан қазақ үшін сондай. Егер Махатма Ганди Үндістан үшін қандай болса, Әлихан қазақ үшін сондай тұлға.

Мәмбет Қойгелдиев, тарихшы ғалым